

ШАРАПАТ

Балаларға арналған рухани-танымдық журнал



6 / 2021 (96)

ҚҰПИЯ КӘМПИТТЕР

Бадаммен безендірілген кәмпиттерде елдердің атаулары жазылған. Өкінішке орай жаңғақтардың артынан кейбір әріптер көрінбей қалған. Бадамның астындағы әріптерді тап, оларды жазсаң журналдың тақырыбын таба аласың.

Мен қазір осындай кәмпитті жеп қояр едім!

Осындай тәттіге риза болу қиын емес, ал ауырғанда немесе мазақ астында қалғанда – өте қиын...



Суретін салған Рустам САНЖАРОВ

БӘРІ ҮШІН АЛҒЫС

Аударған Айман ҚЫЗЫЛБӨРІКОВА

Қызарып күн батып барады,
Қараңғылық жапты даланы.
Шамдары жағылып үйлердің,
Тыныштық орнады шамалы.

Жинастырып қуыршақтарды,
Кірістім ойыншық теруге.
Жып-жылы төсекке жайғасып,
Бауырым тәтті түс көруде.

Бітірдік ойға алған істерді,
Бар ыдыс жуылып тасталды.
Қолға алып Киелі кітабын,
Анашым парақтай бастады.

Шегініп сан жылғы ғасырға,
Нұхпенен кемеңі тұрғыздым.
Сүлеймен патшамен ән салып,
Өзімді сол кезбен жүргіздім.

Ашулы Ғолиятпен кездесіп,
Дәуітке көмектескім келді.
Періштелердің хорын естіп,
Туылу түн жарығын көрдім.

Кеше ғана бәрі болғандай,
Ержетіп, қалдырдым күндерді.
Тек қана анашым әрқашан,
Ұмытпайм сол кезгі түндерді.



*Адамдарға және
Құдайға ризашылық
білдіруді жүрегімізге
үйретсек, міне,
осы біздің маңызды
еңбегіміз және
басты рухани
жәтпісегіміз.*

Архимандрит
САВВА (Мажуко)

Суретін салған
Рустам САНЖАРОВ



ИОШИКО

Балғабек ЗАМАН



Иошико үлкен жапон қаласы Иокогамеде дүниеге келді. Қыздың ата-анасы балалы болғылары келмеді, сондықтан қыздың туылғанынан бірнеше апта өткенде оны анасы биік қабырғанын жанына тағдырдың тәлкегіне тастап кетті.

Осы аймақта сенушілер тұратын. Бір сенуші адам қызды жылап жатқан жерінен алып, оны үйіне алып келеді. Ол кедей болатын, әрі өзінің бес баласы бар, бірақ ол әйелімен бұл баланы сүйіспеншілікпен бауырларына басты. Олар қызды Иошико деп атады. Бөпе мүлдем күшсіз еді, алғашында, тіпті, басын шетке қозғалта да алмайтын, бірақ ол жаңа анасының сүйіспеншілігіне бөленіп, аз уақыттың ішінде сауыға бастады.


Алайда Иошико өте әлсіз күйінде қалды және ылғи ауыратын. Бірнеше айдан кейін қыздың жаңа ата-аналары оның мүлдем жүре алмайтынын түсінді. Сондықтан олар қызды бірнеше жылдар бойы оған қамқор болатын елшілер ауруханасына алып барды.

Арада біраз уақыт өтті, енді оған әлемді Құтқарушы Иса Мәсіхтің бар екені жайында айтып беретін уақыт та жетті. Ол бұл жайында естігенде, Құдайды бар жан-дүниесімен жақсы көріп қалды.

Асырап алған анасы ол жайында ұмытпады. Ол әр аптада Иошикоға келіп тұратын, әр келгенінде бір жаңа заттар алып келетін. Бірде анасы қызына тағы келгенде, Иошико Құтқарушысын қатты жақсы көретінін, бірақ Оған еш нәрсе істеп бере алмайтындығын айтып шағымданды.

Сонда анасы қызына:

- Сенің Ол үшін жарқырайтын көздерің бар.
- Бірақ, анашым, – деп Иошико қарсылық білдірді, – мен Ол үшін маңызды және үлкен бір нәрсе жасағым келеді, ал сен менің тек ризашылық білдіргенімді қалайсың ба?



— Ия, қызым, әрқашан ризашылық білдір және ол сенің жүзіңнен көрінсін!

Иошико осылай істеуге шешім қабылдады. Біраз уақыттан кейін Иошико бұл істің оңай емес екенін түсінді. Мысалы, түскі ас дәмді болмаған кезде. Ең қиыны ол – ауруханаға әдемі, сау қыздар келіп оның кереуетінің жанынан әуестікпен оған қарап өткен кездер еді. Алайда Иошико әрқашан күлімсіреуге тырысты және күннен күнге ол өзіне де жылулық әкелді.

Дәрігерлер мен өзге науқастардың бәрі бақытты қызға назар аударды, тіпті, Иошико жатқан бөлмені олар: «жайдары бөлме» – деп атап кетті.

Анасы келесі жолы келгенде оған Жаңа Өсиет кітабын алып келді, сол күннен бастап осы кітаптағы оқиғаларды Иошикоға оқып беріп отырды.

— Анашым, егер менің көзім Исаға бір нәрсе істей алатын болса, ауызымда істей алатын шығар ия? – деп сұрады Иошико. – Менің кітап оқып үйреніп, басқаларға осы қызық оқиғаларды оқып бергім келеді.

— Мен сені үйретемін, – деп анасы уәде берді.

Иошико өте ынталы оқушы, ол күнде сабағын оқыды және тез арада өз бетінше оқуды үйренді. Сонда оның бөлмесіне тағы бір атау берді: «тірі кітап бұрышы».

Иошико қуана Жаңа Өсиетті дауыстап оқыды және бұның бәрін ол өзінің Құтқарушына арнап жасады. Кейін Ол үшін ән айтып үйренді және бір медбике оған рухани әндер жинағын алып келіп берді. Аз уақыттың ішінде Иошико көп әндердің сөздері мен әуенін жаттап алды. Енді оның бөлмесін: «сайрағыш құс ұясы» – деп атап кетті.

Иошико өте әлсіз және ауырып қала беретін. Бірақ оның жүрегі қуаныш пен ризашылыққа толы еді. Иошико күлімсіреп, оларға Жаңа Өсиетті оқып, ән салып, Иса Мәсіхтен тапқан өзінің бақытын басқалармен бөлісті және айнала-сындағылар оны үлкен қуанышпен тыңдады!



АЛҒЫСҚА ТОЛЫ ЖҮРЕК

Сен ең алғашқы сөздеріңді үйреніп бастағаныңда, ата-анаң сені неге үйреткені есіңде ме? Ұмытып қалған боларсың. Саған әжең, әпкең немесе ағаң бірнәрсе сыйлағанда, әкең мен анаң не деп айтады? Шынымен! «Рахмет» деп айт! Неліктен барлық нәрсеге алғыс айтып үйрену маңызды? Адамдарға және ең бастысы Құдайға алғыс айту?

Өйткені біз кімге алғыс айтсақ, жүрегімізде соған деген сүйіспеншілік пайда болады және жүрегімізді қызғаныштан тазартады. Алғыс айтқан кезде қызғаныш сезімі болмайды солай емес пе? Не себепті Құдайға алғыс айту маңызды? Пауыл елші жазған: «Не айтып, не істесеңдер де, бәрін Иеміз Исаның атымен жасап, Иеміз арқылы Құдай Әкемізге шүкірлік етіңдер!» (Қол. 3:17). Киелі кітап осылай дейді. Құдайға шүкірлік айтқанымыз өзімізге маңызды. Біздің жүрегімізге оның игілікті әсер ететінін Құдай біледі.

Шүкірлік айтпау – өте қауіпті күнә. Не үшін екенін білесің бе? Өйткені шүкірлік білдірмеудің алдында ылғи тәкаппарлық жүреді. Адам маңызды, мықты, дана бір сөзбен айтқанда өте өзімшіл болғандықтан, жарылқауға лайықтымын деп ойлайды немесе оған бәрі міндетті деп санайды. Бірақ Киелі кітап былай дейді: «Құдай тәкаппарларға қарсылық жасайды, ал езілген кішіпейілдерге рақымын сыйлайды».

Әсіресе Иса Мәсіх үшін алғыс айтқан маңызды. Оның бұл өмірге келіп, барлық адамдардың және біздің де күнәларымыз үшін құрбан болғанына. Енді қалай алғыс айтпауға болады?! Ол бізді мәңгілік өлімнен құтқарды, бізге мәңгілік өмір берді, бізге күнде қамқорлық жасайды...

«Алғыс Тәңір, алғыс Тәңір,
Иса төккен пәк қанын,
Біздер үшін құрбан болып,
Атты бақыт таңымыз».

Психикалық емханада ауруларға баратын бір бағушы жайында оқыдым. Оған бір емделуші келіп, былай дейді:

«Сіз ақылыңыз бар екендігіне Құдайға алғыс айттыңыз ба?» Осы уақытқа дейін сол бағушыға осындай ой мүлдем келмеген екен. Сосын сол бағушы Құдайға күнделікті күнде ойлай, сөйлей, түсіне алатындығы үшін алғысын айтуға шешім қабылдады.

Пауыл елші жазған: «Оған барлық жағдайларда да алғыс айтыңдар! Иса Мәсіхтің жолымен жүруші сендерден Құдай осыны күтеді». Егер сен бүгін күні бойы осылай істейтін болсаң, бүгінгі күн сондай керемет күн екенін түсінесің және сенің бүкіл өмірің осындай бола алады. Құдайға шүкірлік айта білетін адамдар қатты ұнайды.

Суретін салған
Рустам СЕРЖАНОВ

ШАРАПАТ 6/2021

ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН АЯТ

Байланған түйінді шеш. Асты сызылған буыннан бастап, келесі жалғасқан жіптің бойымен келесілерін тап. Төмендегі «шатасқан» аятты тап.



ЖАУАБЫ:

Оқы және есінде сақта!

ЖҮНІСТІҢ, РЕНІШІ

Болат ҚАҺАРМАН

Құдайдың Жүніс есімді пайғамбары болды. Ол Нафталим жерінде, Иерусалимде, Еробоғам патшаның заманында өмір сүрген. Сол кезде ең мықты мемлекет ол Ассур патшалығы еді, ал оның астанасы Ниневи қаласы.

Бірде Құдай Жүніске Ниневиге барып, ассурлықтардың барлық зұлым қылықтары үшін олардың қаласы талқандалатынын айту үшін жібереді. Жүніс бәрін тыңдап болған соң, Жаратқан Иенің назарынан алысқа қашып кетуге бел бұды. Содан Жүніс Яффа қаласына барып, Тарсиске аттанғалы тұрған кемеңіз іздеп табады.

Кеме орнынан жүзіп, жағалау көгілдір түтіннің арасына жасырынып, айналада теңіз айдыны ғана көрінгенде, Құдай қатты жел жіберіп, сұрапыл дауыл тұрғызды. Теңізшілер қатты үрейленді. Олар кемеңіз жағалауға аман есен жеткізуге тырысты, бірақ теңіз толқындары күшейе түсті. Ал Жүніс кемеңіз төменгі қабатында еш қамсыз ұйықтап жатты. Теңізшілер аман қалуларын өтініп, әрқайсысы өз сенетін құдайларына сиыңды. Олар Жүністі де оятып, өз Тәңіріне сиынуын өтінді. Бірақ Жүніс бұл сұрапыл дауылдың не үшін пайда болғанын білетіндіктен, сиындан бас тартып былай деді: «Мен өзім сенетін Құдайдан қашып жүрмін. Ол осы сұрапыл дауылға мені тоқтатуға бұйрық берді». Қатты қорыққан теңізшілер, Жүністі теңізге лақтырып жіберді (бұл ойды оларға Жүністің өзі айтты). Жүніс суға құлаған кезінде дауыл бірден тынышталды.

Құдай бұл пайғамбарды құтқарып қалу үшін оған үлкен балықты жіберді. Ол Жүністі жұтып қойып, бірақ үш күннен кейін оны жағалауда аузынан «шығарып» тастады. Енді пайғамбардың, Құдай берген бұйрыққа құлақ асып, Ниневиге баруынан басқа амалы қалмады.

«Қырық күннен кейін Ниневи күйреп, тас-талқан болды!» – деп Жүніс пайғамбар өзінің күркіреген дауысымен, алаңдарда, ғибадатханада, базар мен көшелерде Жаратқанның айтқанын халыққа жеткізді. Израилден келген пайғамбарды тыңдау үшін адамдар көптеп жиналды. Бұл хабар патшаның да құлағына жетті. Ассурлық патша мен халық Құдайдың сөзіне сеніп, теріс жолдарынан қайтты. Сол елдегі бар халық ораза ұстады. Патша тіпті өгіздерге де су бермеуді айтты. Оның өзі азалы

Суретін салған
Лариса ГОРОШКО

киім киіп, басына күл шашып, Израилдың Құдайынан қатты қорқып, өзінің ісіне қатты өкінді.

Жүніс өз ісін аяқтағанда, қаладан шығып, сол қаламен не болатынын бақылау үшін бір төбенің үстіне шықты. Нені күтті? Өзіне Құдайдың айтқанын: сол қаланы талқандап, халықты жазалауын күтті.

Күн қызып тұрғандықтан, Жүніс қатты шөлдеді, ал алыстағы қалаға ешнәрсе де болмады. Қаланың ішінде тіршілік жалғаса берді, алыстан керуендер қаланың ішіне кіріп, одан шығып жатты. Адамдар өгіздерін өңірлерге жайып, үйлеріне қамсыз оралып жатты.

Қырық күн өтті, бірақ ешнәрсе орын алған жоқ. Жүніс Құдайға қатты қапаланды. «Осылай болатынын мен білдім, Сенің рақымды да мейірбанды Құдай екеніңді білгенмін. Пәле жіберемін деген райыңнан қайтуға да дайынсың, сондықтан Ниневиге барғым келмеген еді, – деп Жүніс ренжіді.



Сонда Құдай Жүністің жанып тұрған күннен қорғануы үшін бір түннің ішінде бұтаны өсіріп шығарды. Жүніс сол бұтаның астында отырып, Құдайдың Ниневиге қандай жаза жіберетінін күтті.

Бірақ Құдай келесі күні таң сәріде бұтаға кеміретін құрт жіберіп, содан бұта солып қалды. Жүніс қатты әлсіреп, Құдайға: «Маған тірі жүргенше өлген артық!» – деп налыды.

«Жаратқан Ие оған былай деп жауап берді: – Сен осы бұтаны ешқандай өңдеп, өсірмедің. Ол бір түнде өсіп шығып, келесі түні жоқ болды. Солай болса да, бұтаға сенің жаның ашиды. Ал Ниневиде жақсы мен жаманды айыра алмайтын жүз жиырма мыңнан астам халық, сондай ақ көптеген мал да бар. Ендеше осы үлкен қалаға қалайша Менің жаным ашымайды?!»

Осылай Құдай Ниневиді қаласы мен оның тұрғындарын аман алып қалды.

Бұл оқиға Көне Өсиетте, Жүніс пайғамбардың кітабында жазылған.

Сен қалай ойлайсың?

1. Жүніс не себепті Ниневиге барғысы келмеді?
2. Ассурлық патша не үшін Ниневиде ораза ұстауға бұйрық шығарды?
3. Неліктен Жүніс Құдайдың Ниневиді жазаламағанын көріп қапаланды?



Өзінді тексер!

1

2

3

ҚҰДАЙДАН ҚАШҚАН ЕЛШІ

Жүністің өмірі бейнеленіп тұрған суреттерді дұрыс тәртіпте қойып шық. Егер сен «Жүністің реніші» деген Киелі кітап оқиғасын мұқият оқыған болсаң, бұл тапсырманы оңай орындай аласың.

8

4

ШАРАПАТ 6/2021




10

Суретін салған Елена МАМАЕВА

7

6

5





КӨКТЕН ЖАУҒАН МАННА

Хадиша ҒАЛЫМ

Саған таңертең ботқа жеген ұнайды ма? Оны неден дайындайтынын сен білесің бе? Егер білмеген болсаң, оны ұнтақ жармадан дайындайды. Ұнтақ жарма – ол бидайдан жасалған майда жарма. Орыс тіліндегі «манка» сөзі «манна» деген сөзден пайда болған.

Енді Киелі кітапқа көңіл аударайық. Бұл сөзді біз алғаш Мысырдан шығу кітабында кездестіреміз. Исраил халқы Мысырдан шығып, шөл даланы мекен еткен кездерінде оларды Құдай көктен түскен маннамен тамақтандырды. Олар маннаны алғаш көргенде бір-бірінен: «Бұл не?» (еврей тілінде: «Ман ну?») деп сұраған. Осыдан «манна» деген сөз пайда болды. Оның түсі көжекөк шөбінің дәндері сияқты ақ болды. Таң ата ол жерге жаңбырдай жауып, күн сайын әркім өздері жегенінше жинап алды. Ал жұма күні олар екі есе көп жинады, өйткені Құдай алтыншы күнін демалыс деп жариялады. Олар маннадан нан пісірді, оның дәмі бал қосылған күлше нандай болды. Исраил халқы қырық жыл бойы осы маннамен қоректенді. Көктен жауған манна – ол екінші қайталанбаған ұлы керемет. Өзінің халқын Мысырдан алып шыққанда айдалада қоректенуге берген нан-ды келер ұрпаққа көрсету үшін, оны бір құмыраға құйып сақтап қоюларын тапсырды. Манна салынған құмыраны Келісім сандығының ішіне сақтап қойды.

«Көктен жауған манна» деген мәтін артық мөлшерде алынған кереметке ұқсас бір жақсы нәрсені меңзейді.

Мысалы, шөл далада көп жыл қуаңшылықтан кейін жаңбыр жауды. Бұл да көктен жауған манна секілді, өте маңызды әрі керемет жағдай.

Көктен жауған манна жайындағы оқиғаны Мысырдан шығу кітабында 16 тараудан оқи аласың.

Суретін салған Қарлығаш ЖАҚСЫЛЫҚОВА



ШАРНАПАТ 6/2021

КОЖЕК ПИМ МЕН ТИН ДОТ

Лаура ЖАНӘБІЛ



«Анашым! Анашым! – деді Анар. – Ертең менің туылған күнім!» Мерекені асыға күткен Анар күні бойы көбелектей қалықтап жүрді, ал кешке төсегіне жайғасты, кітабын қолына алып, ертегінің ішіне еніп кетті.


6-бөлім



1. Тиін Дот ағаштың ішіндегі қуысқа жасырынып жақындап келе жатқан досы Пимнің туылған күніне қандай сыйлық беретінін ойлады. Мүмкін, оған ойыншық немесе себетті қолдап жасап береді?! Дот көп ойланды, алайда бір шешімге келе алмады.



2. Пим өз туылған күнінде өте көтеріңкі көңіл күймен оянды. Ол төсектен тұрып, терезенің алдына жақындады, тек осы кезде оның бар қуанышы су сепкендей ғайып болды; өйткені далада жаңбыр құйып тұрған болатын.



3. «Неліктен жаңбыр жауып жатыр?! Енді далаға шығып ойнай да алмаймын», – деп Пим күңкілдеді. Осындай көңіл күймен ол ас бөлмеге келді. Оның анасы таңғы ас дайындап жатты. Пим амандасты да, үстелге келіп отырды.



4. Анасы керемет иісі шығып тұрған асты үстелдің үстіне қойды. Пим тамақтың ішінде қызыл, жасыл бірнәрселердің қалқып жүргенін байқады. «Фу! Мен тамақ ішпеймін. – деп Пим міңгірледі».



5. Ол орнынан тұрып, сыртқа шығып кетті, бірақ жаңбыр шелектен құйғандай қатты жауып жатқандықтан үйге тез оралды. Бәріне өкпелі болған Пим бөлмеге кіргенде, сонда кіші інісі Тит ойыншықтарды шашып тастағанын көрді.



6. «Мынау не нәрсе?!» – деп наразыланып, інісін бөлмеден шығарып жіберді. Тит жылап жіберді. «Бұл не деген туылған күн? – деп ойлады Пим. – Бәрі дұрыс емес жүріп жатыр. Тіпті мені ешкім құттықтаған жоқ!»



7. Осы кезде біреу есікті қақты. Келген Дот еді. Оның қолында қағазға оралған сыйлығы бар екен. Тиін досын құттықтады да, сыйлығын беріп, ары қарай жұмыстарына жүгіріп кетті. Пим сыйлықты лезде ашты.



8. Ол сыйлықтың ішінен көптен күткен ойыншығын күтті, алайда оның ішінде қолдан жасалған кәлік болды. Айналада болып жатқан нәрселердің бәрі Пимнің ашуына тиді. Сыйлық оның көңілін көтерген жоқ, сонымен қатар жаңбыр да қояр емес!



9. Бөлмеге оның анасы кірді, бірақ Пим басын бұрып та қараған жоқ, сол күйінде терезеге қарап отырды. Анасы онымен сөйлескісі келгендіктен оны өзіне қарай бұрылуын өтінді. Пим әрең дегенде оған көңіл бөліп, басын бұрды.



10. «Пим, – деп бастады анасы, – көңіл күйің жаман болуы үшін сен барлық амалдарды қолданып, өзіңнің мейрамыңды құртып жатырсың. Егер сені қуантпайтын нәрселерге қуанып үйренетін болсаң, қайғыруға себеп болмайды!»



11. Жаңбыр табиғатқа пайдалы! Одан кейін кемпірқосақ шығады және айнала сондай тазаланып қалады! Сен Титті ұрыспай, онымен ойнасаң жақсы еді. Ал сыйлық – ол басты нәрсе емес. Одан да маңыздысы ол көңіл».



12. Енді Пим бәрін түсінді, далаға шығып күлімсіреді. Ол жаңбырға одан әрі өкпелемеді. Кейін ол інісіне барып, одан кешірім сұрады. Енді оның жүрегінде керемет тыныштық орнады!



13. Ол тіпті кішкентай нәрселерден де жақсыны байқауды үйренді. Кешке Пим далаға шыққанда, жаңбырдың тоқтағанын көрді. Аспанға көз тастағанда, үлкен кемпірқосақты байқады! Кенет оны біреу шақырды.



14. Артына бұрылып қарағанда онда досын, ата-анасы мен інілерін көрді. Олар оны туылған күнімен құттықтап, оның көптен армандаған затын сыйлыққа берді. Армандар орындалады... Бірақ біз кішкентай нәрсеге де қуанып үйренгенде ғана бақытты боламыз!

Суретін салған Юлия ПРАВДОХИНА



пайдалы кеңес

«Расында да Құдайға ұнамды өмір сүріп, барға қанағат ету зор рухани байлыққа жеткізеді» (ІТі. 6:6).



АМҒЫС
Іңкәр МИРАСОВА

Көлдің жағасындағы кішкентай қалашықта Назым есімді бір қыз өмір сүрді. Ол Исаны жақсы көрді және әрқашан барлық нәрсеге ризашылығын білдіріп қуанды. Әр таңда ол жаңа күн үшін Құдайға алғысын білдіретін. Бірде ол таңғы астан бұрын Құдайдың керемет жаратылысын көру үшін көлдің жағасына қарай жүгіріп шықты. Ол көзін сығырайтып, күннің көзіне қарады да:

– Осындай жарық және жылы күнді сыйлағаның үшін рахмет, Саған Құдайым! – деп жар салды.

Айналадағының бәріне ол шаттанып зер сала Құдайды мадақтады.

Назым үйіне келді де, таңғы асын ішті. Құдаймен тілдескеннен кейін, таңғы ас одан да дәмді болып көрінді. Ол Құдайдың әрқашан жанында екенін сезінетін және Оған алғысы шексіз болды. Таңғы астан кейін ол анасының бетінен сүйіп, ас үшін рахмет айтып, қайтадан көлдің жағасындағы өзінің сүйікті орнына қарай жүгіріп кетті. Көлге қарай асыққан Назым шалынып құлап қалды, ол аяғын қатты жарақаттап алғандықтан, ары қарай жүру қиынға түсті. Аяғы қатты ауырғандықтан, оның көзі жасқа толды. Назым сиынып, Исадан көмек сұрады. Кенет ол бір шуды естіді. Ағаштардың арасынан бір бала шықты. Оның қолында велосипед болды және ол өксіп жылап келе жатты. Ол Назымды көргенде жылауын тоқтатып, оның жанына жақындады.

– Не болды? Неліктен сен мында жалғыз жүрсің? – деп сұрады.

– Мен көлге қарай жүгіріп бара жатыр едім, – деп Назым баяндады. – Бірақ бұтақты байқамай қалып, шалынып аяғымды ауыртып алдым.

Өзінің ауырып тұрған аяғы жайында ұмытып кеткен ол:

– Ал сен неге сондай көңілсізсің? Айтпақшы, менің есімім Назым.

– Ал мен Серік. Мен велосипедтің дөңгелегін жарып алдым, енді соны әкеме қалай айтатынымды білмеймін, – деп ол көңілсіз жауап берді.

– Уайымдама, – деп Назым Серікті жігерлендірді. – Исадан көмектесуін сұра.

– Кімнен? – деп Серік қайталап сұрады.

– Иса Мәсіхтен.

Ол Назымға таңғалып қарады, өйткені бұрын соңды ол Иса жайында естімеген еді.

– Сен мені Онымен таныстыра аласың ба? – деп сұрады.

– Әрине, мен сені Исамен таныстырамын, – деп ол қуанышты дауыспен үн қатты.

Серік уайымдауға себеп жоқ екенін, оған көмектесетінін түсінді. Ол Назымға үйіне жетуіне көмектесті. Назымның орнынан тұруына қол ұсынып, велосипедке отырғызып, оны үйіне дейін сүйреп апарды.

Оларды үйде Назымның әкесі күтіп алды. Ол қызын үйге кіргізді, ал анасы оның аяғындағы жарақатты таңып берді. Назымның ата-анасы Серікке көмектескені үшін алғыстарын айтты. Кейін әкесі Серіктің велосипедін жөндеп берді. Серік қатты қуанды және алғысы шексіз болды!


Содан олар отырып бірге шай ішті, Назым өзінің жаңа досына Иса Мәсіх жайында айтып берді. Осылай Серік алғаш рет қуанышты Хабарды естіді.

*Суретін салған
Рустам СЕРЖАНОВ*



ҚҰДАЙ МЕН БІРТЕ ЖҮРЕККЕ

Жауаптарды торшалардың ішіне көлденеңінен жазып шық. Қиындықтар болса да Құдайды кімдер мадақтай алатынын, шыққан сөзден біле аласың.



1. Исаның бұрын салықшы болған шәкірті кім? (Мат. 9:9).
2. Шимон Петірдің інісінің есімі кім? (Жох. 6:8).
3. Ал он екі елшінің біреуі, Яһуда _____, Исаны ұстап беру ниетімен басты діни қызметкерлерге барды. (Мар. 14:10).
4. «Тас» деген сөздің мағынасын білдіретін есім (Мат. 16:18).
5. Зебедейдің ұлы Жақыптың інісі (Мар. 1:19).
6. Діншіл деп те аталатын Исаның шәкірті (Мар. 3:18).

7. Натанайылға Иса жайында айтқан шәкірт (Жох. 1:45-48).
8. Исаның шәкірттерінің бірі (Мар. 3:18).
9. Лебей деп те аталатын Исаның шәкіртінің бірі (Мат. 10:3).

БАСҚАТЫРҒЫШ

Торшалардың ішіндегі әріптердің бәрін дұрыс тәртіппен қосып шық, сызық бір бірімен кездеспеуі керек және бір торшаға екі рет кірмеуі керек, осылай Киелі кітаптағы аятты оқып шық.

Құрастырған және суретін салған
Әлия ЕЛШАТ

М	Е	Қ	Ұ	Р	Ғ	А	Н,	С	А	Қ	Т
І	Н	Н	Е	М	А	М	Р	Ұ	Ж	П	А
М	Ж	А	Т	К	Д	І	Г	Т	Қ	Ы	Н
А	Н	Ы	Р	Ө	Е	Н	Е	Ұ	А	Р	У
Қ	Й	Т	С	Е	Т	Г	Е	Қ	А	Ы	Ы
Т	А	23	49:	Р.	Ы	Ж	М	А	Ш	Д	М



МӘСІХ ТУЫЛАДЫ

Халықтар шаттанып
Мадақта бәрің де,
Мәсіх туылды,
Ұлы Ұстаз Тәлімгер!

Құдай уәдесін орындап
Сөзі оның іске асты,
Туылды Ұл!
Жоспары болды ол ең басқы.

Орындалды! Орындалды!
Иса туылды!
Жүректен жүк түсті
Шаршатқан бұрынды!

Сол көне қаланы
Көрсетіп жұлдыз тұр,
Әр жүрек Құдайды
Мадақтап, даңқтайды!

Мадақтап шуласын
Орман, тал, биік тау,
Теңіздер, шөл дала,
Үңгір, жер, бақша-бау.

Тәңір, Нәресте –
Жаратушы, Адам –
Лайықты Ол бәріне,
Мәңгілік даңқ Оған.

АЛЛИЛУЙЯ!

Көкте мадақ құйылды. Аллилуйя!
Әлем тындап ұйыды. Аллилуйя!
Құдайға мадақ айтады-ақ,
Жаңғырық тұрды қайталап.
Аллилуйя! Аллилуйя!

Бізге Нәресте берілді. Аллилуйя!
Жарамызға ем себілді. Аллилуйя!
Имануил Құдай бізбен бірге
Қуаныш сыйлады жоғарыдан Ол бізге.
Аллилуйя!

Бұл қуаныш ғасырдан ғасырға. Аллилуйя!
Құдай мейірімі көрінді осында. Аллилуйя!
Көлемді, терең барлық өзеннен,
Оян адамзат! Ұйқылы кезеңнен.
Аллилуйя! Аллилуйя!

Құдайға шүкір Ол жерде! Аллилуйя!
Өмір сүреді менің жүрегімде. Аллилуйя!
Нұр төгіп түнекке бет бұрды,
Құдай Өз уәдесінде тұрды.
Аллилуйя!

Суретін салған Ирина ПОМЕРАНЦЕВА



Туылу мерекесінің оқиғасын Матай (2:1-16) және Луқа (2:1-16) жазған ізгі хабар кітаптарынан оқып шық. Содан кейін кітапты жауып, өз есте сақтау қабілетіңді тексер. Төмендегі оқиғаны оқып, жақшаның ішінде жазылған жауаптардың біреуін таңдап ал.

ТУЫЛУ МЕРЕКЕСІНІҢ ОҚИҒАСЫ

Өзіңді тексер!

(Ирод, Август, перғауын) патшалық құрған заманда жер жүзінің барлық тұрғындарына тізімге тіркелуге жарлық шығады. Әркім тізімге тіркелу үшін өз атамекендеріне барулары керек болды. Мәриям мен Жүсіп (Иерусалимге, Назаретке, Бетлехемге) тізімге тіркелуге барды, өйткені екеуі де (Дәуіттің, Саулдың) әулетінен шыққан еді. Қаланың іші тіркелуге келген адамдармен толы еді, сол себепті Жүсіп пен Мәриям (мейрамханада, қонақүйде) өздеріне орын таппады. Олар түнеп шығу үшін (күркеде, қорада, ауруханада) тоқтауларына тура келді.

Иса туылған кезде (дәрігер, Мәриям, медбике) сәбиді (төсекке, шөпке, ақырға) жатқызды. Осы кезде Жаратқан Иенің періштесі (малшылардың, данышпандардың) жандарына келіп, Исаның дүниеге келгенін айтты. Кенеттен петіштенің қасына көптеген періштелер қосылып, («Жаратқан Ие мадақталсын», «Заңғар көкте Құдай мадақталсын»)! деп Құдайды дәріптеді. Малшылар (естігендері жайында әйелдеріне айтап беруге, патшаға айтып беруге, Исаны көруге) асықты. Олар Нәресте жатқан орынды тез тапты, өйткені (оның жатқан жерін періштелер айтты, оларға жолды жұлдыз көрсетті).

Біраздан кейін (Үндістаннан, Африкадан, Шығыс өлкесінен) жұлдыз санаушы ғұламалар Исаны көру үшін келді. Олар Ирод патшаға (Иса Мәсіхті, Яһудилердің жаңа туылған Патшасын) іздеп жүргендерін айтады. Ирод ғұламаларға: «Исаны тапқан соң маған хабарлаңдар, мен (оған ізет білдірейін, оны өлтірейін, оған сыйлықтар ұсынайын) – деп оларды жіберді. Ғұламалар Нәрестені (үйдің, қораның, сарайдың) ішінен тапты. Олар Исаға тағзым етіп, Иродқа қайтып (барды, бармады). Құдай оларды (періштелер арқылы, түстерінде) патшаның Исаны өлтіргісі келетіні жайында ескертті.

Ғұламалардың өзіне қайтып келмейтінін түсінген Ирод (Бетлехемдегі, Яһудея аймағындағы, Палестинадағы) (алты айға дейінгі, бір жастағы, екі жасқа дейінгі) ер балалардың бәрін де өлтіруге бұйрық берді. Осылай ол Исаны да өлтіре аламын деп ойлады. Бұл жайында Жаратқан Ие Жүсіп пен Мәриямды ескертіп, олардың (Мысырға, Самарияға, Ғалилеяға) қашып құтылуларын айтқан болатын, сол жерде олар аман есен бола алады.



Автор:

Сол түні малшылар отарын күзетті,
Әрқайсы басынан өткенді сөз етті.

Малшы-1:

Бүгінгі күнге енді менде еш өкпе жоқ,
Қошақандар жатыр бұлтиып қарны тоқ.
Жарасынан біреуі кеше біраз қиналды
Бүгін сол шұңқырдан өзі өтті шираңқы.

Малшы-2:

Мен қатты шаршадым, аяғым ауырды,
Жарты күн іздеген қошақандар табылды.
Отардан бөлек кетіп жол таппай жүріпті,
Көтеріп алып келуге тура келді қос бүлікті.

Малшы-3:

Сені достым түсінемін саған оңай болмады,
Қасқырлармен шайқасу кездескен жолдағы.
Отарға беймезгіл шапса егер қиырдан,
Іліккен малды аузынан айыру қиын-ақ.

Малшы-4:

Отарымда мазасыз қос қошақан бар менің,
Күндіз де, түнде де көрем құтырып жүргенін.
Отардың берекесін қашырады, көнбейді,
Әлсіздеріне тиісіп мүлдем маза бермейді.

Малшы-5:

Бақташылардың қашан да міндеті ауыр білемін,
Қамқорлық пен мейірімділік көрсетумен жүреді.
Еңбегі ауыр, дегенмен Құдай көмегін береді,
Рухын жігерлендіріп дер кез көмекке келеді.

Малшы-6:

Аспанға қарап қуанам ауыр кезең бір кез бітеді,
Құтқарушымды еске алып сеніммен Оны күтемін.
Құдай Ақтаушы Өз Ұлын біз үшін жерге береді,
Жақында ұзақ күттірген Құтқарушы Мәсіх келеді.





Малшы-1:

Жұлдыздар да ерекше жымыңдап тұр ғой қарашы, Ойлаймын олар бір нәрсе сезіп тұр-ау шамасы.

Малшы-2:

Отар тегіс ұйқыда, иттер де жатыр үрмеді, Рухым мазасызданды, неден оны білмедім.

Малшы-3:

Ай да бүгін өзгеше құпиясы бардай қарайды, Бұлттар оның жасырып тұрғандай жүзін арайлы.

Автор:

Айнала жап-жарық тұр ерек нұрланып, Сол сәтте көрді олар: Періште тұрғанын.

Періште:

«Қорықпаңдар! Қуаныңдар! Жақсы хабар әкелдім! Құдай Ұлы Құтқарушы Иса Мәсіх туылды!

Ән: «Қуан әлем...»

Малшы-4:

Бетлехемге барайық! Ғажап іс болды онда анық! Құдай Ұлы туылды! Тағзым етейік бірге барып.

Малшы-5:

Тезірек Мәсіхті мен көргім келеді жүрекке түсті шоқ Ол жерде Құдайдың Елшісі! Күтуге енді төзім жоқ!

Малшы-6:

Тұрыңдар тезірек! Мәсіхті көруге барайық себебі, Патшалардың Патшасына тағзым еткім келеді!

Суретін салған
Инна КОЗИНА



ШАРМАТ 6/2021

Қоңдырау ӘН салады


Суретін салған Ирина ПОМЕРАНЦЕВА



Қо - ны - рау ән са - ла - ды, а - ла -
Ша - на - мен сыр-ға-най-мыз, а - ла -
И - са Мә-сіх ту - ыл - ды, а - ла -




қай. а - ла - қай. Мә - сіх - ті жары - я - лай -
қай. а - ла - қай. Қар - да із қал - ды - ра -
қай. а - ла - қай. Құ - дай Ұ - лы а - тал -



ды, а - ла - қай, а - ла - қай. Сал-та - нат -
мыз, а - ла - қай, а - ла - қай. Қыс-қы түн -
ды, а - ла - қай, а - ла - қай. Сал-та - нат -




ты шат - тық мей - ра - мы, И - са
де а - яз да - ла - да, Мә-сіх
ты шат - тық мей - ра - мы, Құт - қа




Мә - - - сіх - - - тің ту - ған кү -
ту - - - ыл - - - ды бұл қа - ла -
ру - - - шы ө - мір - ге кел -



ні. А - ла - қай, а - ла - қай, а - ла -
да. А - ла - қай, а - ла - қай, а - ла -
ді. А - ла - қай, а - ла - қай, а - ла -



қай. А - ла - қай, а - ла - қай, а - ла -
қай. А - ла - қай, а - ла - қай, а - ла -
қай. А - ла - қай, а - ла - қай, а - ла -



қай.
қай.
қай.

1. Қоңырау ән салады, алақай, алақай.
Мәсіхті жариялайды, алақай, алақай.
Салтанатты шаттық мейрамы,
Иса Мәсіхтің туған күні.
Алақай, алақай, алақай.
2. Шанамен сырғанаймыз, алақай, алақай.
Қарда із қалдырамыз, алақай, алақай.
Қысқы түнде, аяз далада,
Мәсіх туылды бұл қалада.
Алақай, алақай, алақай.
3. Иса Мәсіх туылды, алақай, алақай.
Құдай Ұлы аталды, алақай, алақай.
Салтанатты шаттық мейрамы,
Құтқарушы өмірге келді,
Алақай, алақай, алақай.



ЖҰМБАҚТАР

Эльмира МИРАСОВА

- 1.** Малшылар түнде далада,
Жылынуға от жағып
Ұйықтап жатқан арада.
Жарқырап кетті айнала,
Көктен әуен естіліп
Төгілді әуен жай ғана.
Әсем хор, аспан хоры,
Қандай ән айтты осы жолы?



- 2.** Ғұламалар Шығысқа келді,
Нәрестеге сыйлық әкелді.
Қайда екенін білмеді бірақ,
Сарайға келді патшадан сұрап.
Үйлерден іздеп таппады,
Жұлдызға еріп тоқтады.
Жатыр екен жақында,
Мал қорадағы _____

Құдайға ризашыл
және алғысқа
толы жүрек бәрінен
де жасымды.

Иоанн Златоуст

- 3.** Гауһар тас жоқ менде,
Алтын мен күміс те.
Жасадым нық қадам,
Мен өте бай адам!
Аспанда тұрамын,
Мәңгілік тұрағым.
Жүрмін соны тосып мен,
Сенемін тек _____



Суретін салған
Анастасия ТУР

ЖҰМБАҚҚА ТОЛЫ ТЫРНАҚҰТАН

Тырнақұтандар – су маңын мекендейтін, орташа көлемдегі құстар (денелерінің ұзындығы 50-110 см құрайды), олар батпақты жерлер мен көлдерді және ағаштар мен қамыстарға толы баяу ағынды өзендерді мекендейтінін **сен білесің бе?**

Ұлтуар МАРАТОВА

Киелі тырнақұтандардың (*Threskiornis aethiopicus*) бар екенін **сен білесің бе?** Бұл құс ежелгі мысыр еліндегі даналық пен әділеттіліктің құдайы Тотты бейнелеген. Оның денесі адам секілді, ал басы тырнақұтан тәрізді суреттелген. Тот-тырнақұтан Мысырға қайта оралғанда жер тіріледі, деп мысырлықтар сенген. Қазіргі кезде киелі тырнақұтандар ұя салу үшін Мысырға қайта оралмайды, әйтсе де ежелгі Мысыр елінде бұл құстар көптеп кездесетін, тіпті қала ішінде де болатын. Енді олар балапандарын Солтүстік Африкада (Мысырдың оңтүстігінде), Австралия мен Ирак елдерінде басып шығарады.

Киелі тырнақұтан – денесі ақ, басы мен құйрығы қара түсті болып келеді. Қартая келе басы мен мойнындағы жүндері түсіп қалады. Бұл құстар майда балықтармен, бақа және жәндіктермен қоректенеді.



Басынан аяғына дейін **қызыл түсті тырнақұтандар** бар екенін **сен білесің бе?** Бұл қызыл тырнақұтан (*Eudocimus ruber*) Оңтүстік Американың солтүстік бөлігінде, Венесуэланың батысынан Гайана арқылы Бразилиядағы Амазонка сағасына дейін және Тринидад аралында кездеседі. Өзінің орақ тәрізді, төмен қайырылған тұмсығымен ұлулар мен шаяндарды жұмсақ балдырлардың ішінен шұқып іздейді.

Ақ тырнақұтан да (*Eudocimus albus*) қызыл тырнақұтан секілді өз ұяларын мангр тоғайларында салатынын **сен білесің бе?** Мангр – ол мәңгі жасыл жапырақты орман, ол жерге айына 10-15 су ағыны құйылып тұрады, сол себепті жарты жылға жуық уақыт судың астында қалады.

Қызыл тырнақұтан сияқты ақ тырнақұтанда шаян, жәндік және майда балықтармен қоректенгенді ұнатады. Ақ тырнақұтан атлант пен тынық мұхиттарының Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы жағалауларын, Кариб теңізіндегі аралдарды, сонымен қатар Колумбия мен Венесуэланың, Солтүстік Каролина мен Төменгі Калифорнияның, Каба мен Гаити жағалауларын мекендегенді жақсы көреді, ал кейде Ямайкада да кездеседі.



Қызыл аяқты немесе жапондық тырнақұтанның (*Nipponia nippon*) жойылып кету қаупі бар және қызыл кітапқа енгізілгенін **сен білесің бе?**

Дәстүрлі жапон түстерінің арасында «токихаиро» түсі бар, ол «жапондық тырнақұтанның қауырсынының түсін» білдіреді. Бір кездері қызыл аяқты тырнақұтан Қытайда, Ресейдің қиыр шығысында және Кореяда кең тараған болатын.


Қызыл аяқты тырнақұтандарды бірнеше рет Ресейдің қиыр шығысында орналасқан теңіз жағалауында, Корея мен Қытайда кездестірген. Ресейде соңғы рет қызыл аяқты тырнақұтандардың бірнешеуі 1990 жылдың мамыр айында Амур облысындағы Иска өзенінің сағасында байқалған.

XX ғасырдың басында осы құстардың санаулы данасы ғана қалған. Оларды тек Жапонияда кездестіруге болатын еді: 1941 жылы 30 шақтысын тізімге кіргізген, ал 1979 жылы тек 9 ғана есепке алынды. Сол кезден бастап оларды еріксіз жасанды түрде көбейтуге талпыныстар жасалған. Осылайша бүгінгі күнде жер бетіндегі осы құстардың 250 жуығы есепке алынған.




ШАРАПАТ 6/2021

ТУЫЛУ МЕРЕКЕСІНДЕГІ ЖҰЛДЫЗ




1. Қолөнерге керек элементтерді қиып ал. Ішіне керек 1 элементті ақ қағазды қиып ал. Осы элементте суретте көрсетілгендей сұр бұрыштарын қи.




2. Енді картоннан жасалған екі ұзын бір қысқа қағазды қиып ал. Оларды 1 суретте көрсетілгендей бүкте, ол көлем жасау үшін керек болады. 2 суретте көрсетілгендей 1 элементке картон




3. Енді 2, 3, 4 элементтерді картонның ішіне көлемді болу үшін арақашықтықтарын алмақтау етіп жабыстырып шық.




4. 5 элементті ең артына (артқы фон) жабыстыр. Жұлдызды аспан декорацияның ішінде болуы керек.



5. Туылу мерекесінің жұлдызы дайын!





31 мм

13 мм

28 мм

14 мм

3 элемент

5 элемент

4 элемент

2 элемент

Сәлем, «Шарапат»!

Менің есімім Жанна, мен 12 жастамын. Суретті салған кезде, біздің өмірде Туылу мерекесінің аса маңызды сыйлығын көрсеткім келді. Сонымен қатар, бұл біз, мәсіхшілер үшін үлкен маңызға ие. Бұл сыйлық біздің жерге Құдайдың Өзі Сәбидей туылып келгені.

Исаның туылуы жайында ойласам, біздің уақытта тіпті кедей отбасынан шыққан балалар да перзентханада туылады, ал Иса қорада туылып, мазақтың арасында өсіп, қиналып өлуі керек болды, осының бәрі біз үшін.

Туылу мерекесі құтты болсын, «Шарапат»!

Сіздерге Құдайдың батасын тілеймін!

Жанна, 12 жас

Еске алам қораны, сабанды,
ақырды,
Жерлік емес Нәрестені бәрін де.
Еске алам жарық жұлдызды сол түнгі,
Даладағы малшыларды әлі де.
Ашулы, айбатты Иродты еске алам,
Келген ғұламаларды Нәрестені іздеп.
Еске алам Туылу мерекесін ғажап,
Туылған Патшаны болатын бізбен.
Мәсіх туылды мал тұрған қорада,
Басқа орын болмады қалада.
Кедейлікте туылса да бірақ Ол.
Жеңісі көп мәңгілікке ашты жол.
Күнәһарды құтқаруға келді Иса,
Құтқару үшін адамзатты, біздерді.
Өзімен бірге көкке алып кетеді,
Сенгенді, соңынан сеніммен ергенді.

Жолдаған Карина ПАТЛАЙ, 13 жас

Шифрланған аятты шеш

А	М	И	А	Ғ	С	Ү	■
Ә	♥	К	↖	О	*	Ү	■
Б	∅	Қ	Δ	Р	∅	Ш	○
Г	ε	Л	◎	С	∞	Х	○
Д	□	М	↙	Т	↘	І	∞
Е	↑	Н	↓	У	*	Ы	□
З	▣						

∅ ■ ε ∞ ↓ □ ♥ * ∞ ↘ ↘ ∞ ∞

Δ ∞ ◎ ∞ ∞ □ ↓ □ ∞ ∞ ↑ ↓ □ ↑ ∅ □ ∞ ∞

Δ ■ ↘ Δ ∞ ∅ * ○ □ ◎ ∞ ∅ □ ∞

□ ■ ↓ ↗ ↑ ε ↑ ↖ ↑ ◎ □ ∞ ,

* ◎ - ↗ ↑ ↙ ∞ ▣ ↙ ♥ ∞ ∞ ○ ! (◎ ■ Δ ∞ 2:11)

! (_ _ _ _ 2:11)

Құрастырған Алинұр БЕКЖАНОВ

ҚҰДАЙ СҮЙЕДІ

Бізді ерекше сүйеді Ұлы Құдай, Тәңір:
Сыйлады біздерге мәңгілік өмір.
Әкетеді Өзімен ғажайып жерге,
Үздіксіз Тәңірді мадақтайтын елге!

АҰҒА

Мінәжатта мадақтағын Мәсіхті,
Қиындықта шақыруға асыққын.
Біліп жүргін Құдай көмектеседі,
Бәріне де оның күші жетеді.

Жіберген Үміт ШАЙМЕРДЕН



2 бет: Алғысқа толы жүрек.

7 бет: «Иеміз Иса Мәсіхтің атымен Құдай Әкеге қай нәрсе үшін де ұдайы шүкірлік етіңдер!» (Еф. 5:20).

10 бет: 7, 3, 8, 5, 2, 6, 4, 1.

16 бет: ҚҰДАЙМЕН БІРГЕ ЖҮРЕККЕ: 1. Матай. 2. Әндір. 3. Исқариот. 4. Петір. 5. Жохан. 6. Шимон. 7. Філіп. 8. Барталмай. 9. Тадей.

Тігінен: Мәсіхшілер.

БАСҚАТЫРҒЫШ: «Мені мақтайтын жан құрмет көрсетеді
Маған, Сақтанып жүргенге құтқаруымды ашам» (Жыр.
49:23).

18 бет: «Алғыс айтып Сені мақтаймын ұдайы, Уа, ата-бабаларым сиынған Құдайы!» (Дан. 2:23).

19 бет: Август. Бетлехемге. Дәуіттің. Қонақүйде. Қорада. Мәриям. Ақырға. Малшылардың. «Заңғар көкте Құдай мадақталсын». Исаны көруге. Оның жатқан жерін періштелер айтты. Шығыс өлкесінен. Яһудилердің жаңа туылған Патшасын. Оған ізет білдірейін. Үйдің. Бармады. Түстерінде. Бетлехемдегі. Екі жасқа дейінгі. Мысырға.

25 бет: 1. Заңғар көкте Құдай мадақталсын. 2. Ақырда. 3. Мәсіхке.

30 бет: «Бүгін Дәуіттің қаласында сендердің Құтқарушыларың дүниеге келді. Ол – Иеміз Мәсіх!» Лұқа 2:11.



ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ

ШАРАПАТ 5 /2021
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

Журнал 2005 - жылдың
шілде айынан бастап шығады.

Қараша, 6 (96) 2021

Меншік иесі

«Литера-М».

Бас редакторы Дилманов М.Б.

Журнал Қазақстан
Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде
10. 10. 2009 жылы тіркелген
№10445-ж куәлігі берілген.

Таралымы 1 500 дана
Жылына 6 рет шығады

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін
міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050046 Алматы қаласы,
а/ж 5, «ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»,
«Інжілдік Мәсіхші Бапгистер»
Жергілікті Діни Бірлестігі,
Нұрғиса Тілендиев к-сі, 365-ші үй.
e-mail: liokaz.mail@gmail.com
support@liokaz.org

сайт: www.liokaz.org


Тел.: +7 (727) 394 17 05

Есеп шот нөмірі:

Есеп айырысу шоты
KZ256010131000011815,
БСН 920240001521,
"ХАЛЫҚ БАНК" АҚ

"Қазақстан ГАЗ Орталығы" АҚ
баспаханасында басылды.
Жароков көшесі, 210 а

Сіздерді Иса Мәсіхтің туылу мерекесімен құттықтаймыз!



Аян ТУЛЕУОВ



Аян ТУЛЕУОВ



Инкәр МАНАСОВА



Алим ТУЛЕУОВ



Аделия ТУЛЕУОВА

